

## 2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 12 желтоқсандағы № 412 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының  
Президенті мен Үкіметі  
актілерінің жинағында  
жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған 2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. 2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттамаға Қазақстан Республикасының атынан қол қойылсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Қ.Тоқаев*

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2023 жылғы 12 желтоқсандағы  
№ 412 Жарлығымен  
МАҚҰЛДАНҒАН  
Жоба

## 2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы

### ХАТТАМА

Бұдан әрі мүше мемлекеттер деп аталатын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер

2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шарттың 3-бабын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

### 1-бап

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне (2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартқа № 1 қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 2-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы 33<sup>1</sup>) тармақшамен толықтырылсын:

"33<sup>1</sup>) "электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баж" - жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларын Одақтың кедендік аумағына әкелуге байланысты кеден органдары алатын міндетті төлем;" ; мынадай мазмұндағы 47<sup>1</sup> - 47<sup>3</sup>) тармақшалармен толықтырылсын:

"47<sup>1</sup>) "электрондық сауда тауарлары" - жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарлары және жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарлары;

47<sup>2</sup>) "жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарлары" - тараптардың бірі жеке тұлға болып табылатын мәміле шеңберінде "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінің ресурстары пайдаланыла отырып, жеке тұлғаларға электрондық сауда алаңдарында өткізуге арналған Одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарлар;

47<sup>3</sup>) "жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарлары" - мүше мемлекеттің аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын (уақытша болатын) жеке тұлға мен шетелдік тұлға арасындағы мәміле не Одақтың мүшесі болып табылмайтын мемлекеттің аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын (уақытша болатын) жеке тұлға мен мүше мемлекеттің арасындағы мәміле шеңберінде "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінің ресурстары пайдаланыла отырып, электрондық сауда алаңдарында жеке тұлғалар сатып алған, Одақтың кедендік шекарасы арқылы осындай тауарларды алушы болып табылатын жеке тұлғалардың атына халықаралық пошта жөнелтілімдері арқылы өткізілетін немесе тасымалдаушы өткізетін тауарлар. Көрсетілген мәмілелерге жеке тұлғалар арасындағы мәмілелер жатпайды;" ;

2) 7-баптың 4-тармағы "тауарларды" деген сөзден кейін ", жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларын" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 13-баптың 1-тармағындағы "37 - 43-тарауларына" деген сөздер

"37 - 43-тарауларына" деген сөздермен және 3-тармағындағы

"37 - 43-тарауларына" деген сөздер "37 - 43<sup>1</sup>-тарауларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 29-баптың 2-тармағының 2) тармақшасындағы "37-тарауына" деген сөздер "37 және 43<sup>1</sup>-тарауларына (жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларына қатысты)" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 38-бапта:

6-тармақтың екінші абзацындағы "және 309-бабының 3-тармағында" деген сөздер "309-бабының 3-тармағында және 309<sup>6</sup>-бабының 17-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

18-тармақ "тауарларға" деген сөзден кейін ", жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларына" деген сөздермен толықтырылсын;

б) 46-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баж.";

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баж және, егер бұл мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген жағдайда, салықтар төленуге жатады.

Электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баж осы Кодекстің 43<sup>1</sup>-тарауына сәйкес төленуге жатады.

Осы тараудың және осы Кодекстің 7 - 11-тарауларының ережелері осы Кодекстің 43<sup>1</sup>-тарауында көзделген жағдайларда қолданылады.";

7) 52-бапта:

2-тармақтың 3) тармақшасындағы "және 309-бабының 3-тармағында" деген сөздер "309-бабының 3-тармағында және 309<sup>6</sup>-бабының 17-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ "декларацияларда," деген сөзден кейін "электрондық сауда тауарларына арналған декларацияда," деген сөздермен толықтырылсын;

8) 53-баптың 2-тармағының бірінші абзацы "жағдайларды қоспағанда," деген сөздерден кейін "осы Кодекстің 309<sup>7</sup>-бабының 4-тармағы ескеріле отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

9) 54-бапта:

1-тармақтағы "және 309-баптарға" деген сөздер ", 309, 309<sup>6</sup>-баптың

14-тармағына және 309<sup>7</sup>-баптарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 1) тармақшасындағы "және 309-баптарында" деген сөздер ", 309, 309<sup>6</sup>-баптың 15-тармағында және 309<sup>7</sup>-баптарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 55-баптың 4-тармағының 1) тармақшасы "бір декларацияда" деген сөздерден кейін ", осы Кодекстің 309<sup>6</sup>-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес кедендік рәсіммен орналастырылатын, алушысы бір жеке тұлға болып табылатын, жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты электрондық сауда тауарларына бір декларацияда" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 57-баптың 1-тармағындағы "және 309-баптарына" деген сөздер ", 309, 309<sup>6</sup>-баптың 17-тармағына және 309<sup>7</sup>-баптар" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 58-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Кодекстің 309<sup>6</sup>-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданысы аяқталған кезде осындай кедендік рәсіммен орналастырылатын жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларын қоспағанда, кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу ішкі тұтыну шығару кедендік рәсімімен орналастырылатын тауарларға қатысты беріледі.";

13) 67-баптың 2-тармағы "тауар декларациясында" деген сөздерден кейін "немесе электрондық сауда тауарларының декларациясында" деген сөздермен толықтырылсын;

14) 71-баптың 4-тармағы "тауарларға" деген сөзден кейін ", сондай-ақ жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларына" деген сөздермен толықтырылсын;

15) 72-бапта:

1-тармақтағы "және 295-баптарына" деген сөздер ", 295-баптарына, 309<sup>6</sup>-бабының 14-тармағына және 309<sup>7</sup>-бабына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 1) тармақшасындағы "және 295-баптарында" деген сөздер ", 295-баптарында, 309<sup>6</sup>-бабының 15-тармағында және 309<sup>7</sup>-бабында" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 73-баптың 4-тармағының 1) тармақшасы "тауарға бір декларация" деген сөздерден кейін "осы Кодекстің 309<sup>6</sup>-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес кедендік рәсіммен орналастырылатын, алушысы бір жеке тұлға болып табылатын, жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты электрондық сауда тауарларына бір декларация"; деген сөздермен толықтырылсын;

17) 74-баптың 1-тармағындағы "және 295-баптарына" деген сөздер ", 295-баптарына , 309<sup>6</sup>-бабының 17-тармағына және 309<sup>7</sup>-бабына" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 76-баптың 4-тармағы "декларацияда" деген сөзден кейін "немесе электрондық сауда тауарларына арналған декларацияда" деген сөздермен толықтырылсын;

19) 82-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың екінші абзацының ережелері жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік операцияларды, осындай тауарлардың декларанты жасаған жағдайда қолданылмайды.";

20) 83-баптың 6-тармағындағы "және 281-бабының 8-тармағында" деген сөздер ", 281-бабының 8-тармағында және 309<sup>4</sup>-бабының 1-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 84-бапта:

мынадай мазмұндағы 2<sup>1</sup>-тармақпен толықтырылсын:

"2<sup>1</sup>. Осы баптың 2-тармағының ережелері осы Кодекстің 429<sup>5</sup>-бабы 3 және 4-тармақтарының ережелері ескеріле отырып қолданылады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Кодекстің 429<sup>5</sup>-бабының 5-тармағына сәйкес электрондық сауда операторы жауаптылықта болатын жағдайды қоспағанда, декларант мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес осы баптың 2-тармағында көзделген міндеттердің орындалуына, кедендік декларацияда дұрыс емес мәліметтерді мәлімдеуге, сондай-ақ кеден өкіліне жарамсыз құжаттар, оның ішінде қолдан жасалған және (немесе) көрінеу дұрыс емес (жалған) мәліметтер бар құжаттар бергені үшін жауапты болады.";

22) 92-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы "көшірмесін," деген сөзден кейін " электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны немесе оның көшірмесін" деген сөздермен, "тауарларға арналған декларация" деген сөздерден кейін ", электрондық сауда тауарларына арналған декларация" деген сөздермен, "осындай тауарларға арналған декларация" деген сөздерден кейін ", электрондық сауда тауарларына арналған декларация" деген сөздермен толықтырылсын;

23) 104-бапта:

1-тармақтың бірінші абзацындағы "және 281-бабының 2-тармағында" деген сөздер ", 281-бабының 2-тармағында және 309<sup>2</sup>-бабының 2-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларын қоспағанда, халықаралық пошта жөнеліміздерімен жіберілетін тауарларға қатысты;"

24) 105-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) электрондық сауда тауарларына арналған декларация.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Электрондық сауда тауарларына арналған декларация осы Кодекстің

309<sup>4</sup>-бабы 3-тармағының бірінші абзацында көрсетілген жағдайларда электрондық сауда тауарларын кедендік декларациялау кезінде пайдаланылады.";

25) 108-баптың 1-тармағының 14) тармақшасында "құжаттар жатады." деген сөздер "құжаттар;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы

15) тармақшамен толықтырылсын:

"15) осы Кодекстің 309<sup>10</sup>-бабында көрсетілген, жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларының мәлімделген құнын растайтын құжаттар жатады.";

26) 109-бапта:

10-тармақтың бірінші және екінші абзацтары "тауарларға" деген сөзден кейін "не электрондық сауда тауарларына" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 11-тармақпен толықтырылсын:

"11. Мынадай жағдайларды:

1) осы Кодекстің 104-бабының 5-тармағында көрсетілген жағдайда электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны қағаз жеткізгіште ұсыну кезінде (егер мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасында өзгеше белгіленбесе, кеден органына электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны беретін тұлғаның өкілеттіктерін растайтын құжаттар ұсыныла отырып);

2) мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген өзге де жағдайларды қоспағанда, электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны беру кеден органына онда мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттар ұсынылмайды.";

27) 111-баптың 3-тармағындағы "және көлік құралдарына арналған декларацияны" деген сөздер ",көлік құралдарына арналған декларацияны және электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 112-баптың 6-тармағының бірінші және үшінші абзацтарындағы "және көлік құралына арналған декларацияда" деген сөздер ", көлік құралына арналған декларацияда және электрондық сауда тауарларына арналған декларацияда" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 114-бапта:

8-тармақтағы "декларациялау" деген сөзден кейін ", сондай-ақ электрондық сауда тауарларын алдын ала кедендік декларациялау" деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақ "арналған тауарларды," деген сөздерден кейін "электрондық сауда тауарларын," деген сөздермен толықтырылсын;

30) 118-бапта:

мынадай мазмұндағы 5<sup>1</sup>-тармақпен толықтырылсын:

"5<sup>1</sup>. Егер электрондық сауда тауарларына арналған декларацияда жеке тұлғалар сатып алған 2 және одан көп электрондық сауда тауары туралы мәліметтер мәлімделген жағдайда, егер мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасында өзгеше белгіленбесе, кеден органы оларға қатысты осы Кодекстің 309<sup>5</sup>-бабының 1-тармағында көзделген шығару шарттары сақталған электрондық сауда тауарларын шығаруды жүргізеді.

Егер осы Кодекстің 309<sup>5</sup>-бабының 1-тармағында көзделген шығару шарттары тиісті жөнелтілімдегі барлық тауарларға қатысты сақталса, тасымалдаушы жеткізетін бір жөнелтілімде (бір жеке жүкқұжат бойынша) немесе бір халықаралық пошта жөнелтілімінде бірнеше электрондық сауда тауарлары өткізілген жағдайда, осы тармақтың ережелері қолданылады.";

7-тармақтағы "мен керек-жарақтарға" деген сөздер ", керек-жарақтар мен жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларына" деген сөздермен ауыстырылсын, "және 37- 39-тарауларында" деген сөздер

", 37 - 39-тарауларында және 309<sup>5</sup>-бабында" деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 119-баптың 9-тармағының бірінші абзацындағы "немесе кеден өкіліне" деген сөздер ", кеден өкіліне немесе электрондық сауда операторына" деген сөздермен ауыстырылсын;

32) 136-бап мынадай мазмұндағы 18-тармақпен толықтырылсын:

"18. Осы Кодекстің 309<sup>6</sup>-бабы 4-тармағының 1-тармақшасына сәйкес осы баптың ережелері кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау үшін ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылатын (орналастырылған) жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты қолданылмайды.

Осы Кодекстің 309<sup>6</sup>-бабы 4-тармағының 1-тармақшасына сәйкес кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау үшін ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылатын (орналастырылған) жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндет осы Кодекстің 309<sup>7</sup>-бабына сәйкес туындайды, тоқтатылады және орындалуға жатады.";

33) 155-бап мынадай мазмұндағы 4<sup>1</sup> -тармақпен толықтырылсын:

"4<sup>1</sup>. Жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты кеден қоймасының кедендік рәсімі осы Кодекстің 309<sup>6</sup>-бабында айқындалған ерекшеліктер ескеріле отырып қолданылады.";

34) 156-баптың 2-тармағының 1) тармақшасында:

"ал" деген сөз алып тасталсын;

"орындарда" деген сөзден кейін ", жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларының - осы Кодекстің 429<sup>2</sup>-бабы 1-тармағының

1) тармақшасында көрсетілген, осындай тауарлардың декларанты болып табылатын электрондық сауда операторының құрылыстарында, үй-жайларында (үй-жайларының бөліктерінде) және (немесе) ашық алаңдарында (ашық алаңдарының бөліктерінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

35) 157-баптың 3-тармағының бірінші абзацы ", ал кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырылған, жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарлары осы Кодекстің 309<sup>6</sup>-бабының 4 және 5-тармақтарына сәйкес осындай кедендік рәсімнің қолданысын аяқтау үшін қолданылатын кедендік рәсімдермен орналастырылуға тиіс." деген сөздермен толықтырылсын;

36) 161-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Электрондық сауда тауарларына қатысты кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданысы осы Кодекстің 309<sup>6</sup>-бабына сәйкес аяқталады және тоқтатылады.";

37) 162-бап мынадай мазмұндағы 10-тармақпен толықтырылсын:

"10. Осы баптың ережелері кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырылатын (орналастырылған) жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты қолданылмайды.

Кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырылатын (орналастырылған) жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндет осы Кодекстің 309<sup>6</sup>-бабының 14 - 19-тармақтарына сәйкес туындайды, тоқтатылады және орындалуға жатады.";

38) 256-бап мынадай мазмұндағы 10-тармақпен толықтырылсын:

"10. Осы тараудың ережелері электрондық сауда тауарларына қатысты қолданылмайды.

Одақтың кедендік шекарасы арқылы электрондық сауда тауарларын өткізу тәртібі мен шарттарының ерекшеліктері осы Кодекстің 43<sup>1</sup>-тарауында айқындалған.";

39) V бөлім мынадай мазмұндағы 43<sup>1</sup>-тараумен толықтырылсын:

## **"43<sup>1</sup>-тарау**

Одақтың кедендік шекарасы арқылы электрондық сауда тауарларын өткізу тәртібі мен шарттарының ерекшеліктері

### **309<sup>1</sup>-бап. Одақтың кедендік шекарасы арқылы электрондық сауда тауарларын өткізудің тәртібі мен шарттары туралы жалпы ережелер**

1. Осы тарауда электрондық сауда тауарларын Одақтың кедендік аумағына әкелу, олардың Одақтың кедендік аумағында болуы және пайдаланылуы, электрондық сауда тауарларын уақытша сақтауға, кедендік декларациялауға және шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі мен шарттарының ерекшеліктері, электрондық сауда тауарларына қатысты кеден қоймасының кедендік рәсімін қолдану, сондай-ақ осындай тауарлар мен Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік төлемдерді қолдану ерекшеліктері айқындалады.

Одақтың кедендік аумағынан тауарларды әкетуге жол беретін кедендік рәсімдермен орналастыру шарттарын және осындай кедендік рәсімдерді қолдану ерекшеліктерін, Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік операцияларды жасау тәртібінің ерекшеліктерін және осындай тауарларға қатысты кедендік төлемдерді қолдану ерекшеліктерін қоса алғанда, Одақтың кедендік аумағынан электрондық сауда тауарларын әкету тәртібі мен шарттарының ерекшеліктерін осы Кодекстің 309<sup>8</sup>-бабының 5-тармағын ескере отырып, Комиссия айқындауы мүмкін.

2. Одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларға қатысты кедендік операциялар осы тарауда белгіленген электрондық сауда тауарларын Одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу тәртібі мен шарттарының ерекшеліктері қолданыла отырып жасалған тауарлар олар шығарылғаннан кейін коммерциялық қызметте пайдаланылмауға тиіс.

Көрсетілген тауарларды коммерциялық қызметте пайдалану фактілері анықталған кезде Интернет желісінің ресурстарын пайдалана отырып, электрондық сауда алаңдарында мәміле тарапы болып табылатын және осындай тауарларды коммерциялық қызметте пайдаланатын жеке тұлғалар аумағында осындай тауарларды пайдалану анықталған мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

3. Комиссия осы тараудың ережелері қолданылмайтын электрондық сауда тауарларының және (немесе) электрондық сауда тауарлары санаттарының тізбесін айқындауға құқылы. Мұндай тауарлар осы Кодекстің өзге де тарауларында белгіленген тәртіппен және шарттарда кедендік рәсімдерге орналастырылуға жатады.

4. Осы тараудың ережелері мүше мемлекеттің тұлғасы меншік иесі болып табылатын жеке тұлғаларға өткізуге арналған Одақтың кедендік аумағына әкелінетін электрондық сауда тауарларына қатысты қолданылмайды. Мұндай тауарлар осы Кодекстің өзге де тарауларында белгіленген тәртіппен және шарттарда кедендік рәсімдерге орналастырылуға жатады.

### **309<sup>2</sup>-бап. Электрондық сауда тауарларына қатысты жасалатын кедендік операциялар**

1. Кедендік декларацияны берумен байланысты декларант жасайтын кедендік операцияларды, оның ішінде кеден органдары кедендік бақылауды жүргізген кезде осы Кодексте көзделген өзге де кедендік операцияларды:

1) осы Кодекстің 309<sup>4</sup>-бабының 4-тармағына сәйкес жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларына қатысты осындай тауарларды кедендік декларациялауды жүзеге асыратын тұлға;

2) кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырылатын (орналастырылған), сондай-ақ осы Кодекстің 309<sup>6</sup>-бабының 4 және 5-тармақтарына сәйкес осы кедендік рәсімнің қолданысын аяқтау үшін кедендік рәсімдермен орналастырылатын (орналастырылған) жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты осындай тауарлардың декларанты ретінде әрекет ететін электрондық сауда операторымен жасалынады.

2. Осы Кодекстің 309<sup>3</sup>-бабының 5-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Одақтың кедендік аумағында болу және пайдалану үшін жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарлары кедендік декларациялауға және осы тарауда көзделген тәртіппен және шарттарда кедендік рәсімдермен орналастырылмай кеден органдарының шығаруына жатады.

3. Кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырылған, жеке тұлғаларға өткізуге арналған Одақтың кедендік аумағында болу және пайдалану үшін электрондық сауда тауарлары осы Кодекстің 309<sup>6</sup>-бабында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен, ал Одақтың кедендік аумағынан әкету үшін кері экспорттың кедендік рәсімімен орналастырылады.

### **309<sup>3</sup>-бап. Электрондық сауда тауарларын уақытша сақтау ерекшеліктері**

1. Электрондық сауда тауарларын уақытша сақтау осы бапта көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Кодекстің 16-тарауына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Электрондық сауда тауарларын уақытша сақтау меншіктегі, шаруашылық жүргізудегі, жедел басқарудағы немесе электрондық сауда операторларынан жалға алынған құрылысжайларда, үй-жайларда (үй-жайлардың бөліктерінде) және (немесе) ашық алаңдарда (ашық алаңдардың бөліктерінде) (бұдан әрі осы тарауда - құрылысжайлар (үй-жайлар, алаңдар) жүзеге асырылады.

Кедендік операцияларды бір электрондық сауда операторы басқа электрондық сауда операторының меншіктегі, шаруашылық жүргізудегі, жедел басқарудағы немесе жалға алынған құрылысжайларда (үй-жайларда, алаңдарда) жасайтын электрондық сауда тауарларын уақытша сақтауға жол беріледі.

3. Уақытша сақтауға орналастырылған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу бойынша міндет осы Кодекстің 103-бабына сәйкес, ал Одақтың кедендік аумағына халықаралық пошта жөнелтілімдерімен әкелінетін электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік әкелу баждарын, салықтарды төлеу бойынша міндет осы Кодекстің 288-бабына сәйкес туындайды, тоқтатылады және орындалуға жатады.

4. Электрондық сауда операторларының тізілімінен алып тасталған жағдайда заңды тұлға уақытша сақтауға орналастырылған электрондық сауда тауарларына қатысты оларды шығару үшін қажетті кедендік операцияларды жасауды осындай заңды тұлға электрондық сауда операторларының тізілімінен алып тасталған күннен кейінгі күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде қамтамасыз етуге міндетті.

5. Егер осы Кодекстің 101-бабында көзделген электрондық сауда тауарларын уақытша сақтау мерзімі өткенге дейін жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік декларациялауды және өзге де кедендік операцияларды осы Кодекстің 309<sup>4</sup>-бабы 1-тармағының бірінші абзацында көрсетілген тұлға жасамаған жағдайда, мұндай электрондық сауда тауарларын электрондық сауда операторы кеден органының рұқсатымен кедендік декларацияламай және кедендік рәсімдерге орналастырмай Одақтың кедендік аумағынан әкетуі не мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік рәсімімен немесе жоюдың кедендік рәсімімен орналастырылуы мүмкін.

Жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларын Одақтың кедендік аумағынан әкетуге кеден органының рұқсатын алуға және ресімдеуге байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібін Комиссия айқындайды.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін электрондық сауда тауарларын тасымалдау (тасу) кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес немесе мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасымен көзделген жағдайда заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен кедендік транзиттік рәсіміне орналастырусыз жүзеге асырылады.

Комиссия осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік транзиттің кедендік рәсімін қолдану ерекшеліктерін айқындауы мүмкін.

### **309<sup>4</sup>-бап. Электрондық сауда тауарларын кедендік декларациялау**

1. Жеке тұлғалар сатып алған, Одақтың кедендік аумағына әкелінетін электрондық сауда тауарларының декларанттары 16 жасқа толған осындай тауарларды алушылар болып табылатын жеке тұлғалар бола алады.

Осы Кодекстің 309<sup>3</sup>-бабының 5-тармағында көрсетілген жағдайларда жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларының декларанты электрондық сауда операторы болады.

2. Осы Кодекстің 309<sup>6</sup>-бабының 4-тармағының 1-3) тармақшаларына және 5-тармағына сәйкес кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау үшін кеден қоймасының кедендік рәсімімен және өзге де кедендік рәсімдермен орналастырылатын жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларының декларанты электрондық сауда операторы бола алады.

3. Жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларын, сондай-ақ жеке тұлғаларға өткізуге арналған, оның ішінде осы Кодекстің 309<sup>6</sup>-бабы 4-тармағының 1 және 3) тармақшаларында және 5-тармағында көрсетілген кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау үшін кедендік рәсімдермен орналастырылатын электрондық сауда тауарларын кедендік декларациялау электрондық сауда тауарларына арналған декларация пайдаланыла отырып жүргізіледі.

Жеке тұлғаларға өткізуге арналған, кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау үшін кедендік транзиттің кедендік рәсімімен орналастырылатын электрондық сауда тауарларын кедендік декларациялау осы Кодекстің 309<sup>6</sup>-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес транзиттік декларация пайдаланыла отырып жүргізіледі.

Электрондық сауда тауарларына арналған декларацияда көрсетілуге жататын мәліметтерді Комиссия осындай кедендік декларацияны толтыру тәртібін белгілеген кезде айқындайды.

4. Жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларын кедендік декларациялауды электрондық сауда операторы не осы баптың 1-тармағының бірінші абзацына сәйкес осындай тауарлардың декларанты бола алатын тұлға жүзеге асырады.

5. Осы Кодекстің 309<sup>6</sup>-бабының 4-тармағының 1-3) тармақшаларына және 5-тармағына сәйкес жеке тұлғаларға өткізуге арналған, кеден қоймасының кедендік рәсімімен, сондай-ақ осы кедендік рәсімнің қолданысын аяқтау үшін кедендік рәсімдермен орналастырылатын электрондық сауда тауарларын кедендік декларациялауды электрондық сауда операторы жүзеге асырады.

### **309<sup>5</sup>-бап. Жеке тұлғалар сатып алған, Одақтың кедендік аумағына әкелінетін электрондық сауда тауарларын шығару**

1. Жеке тұлғалар сатып алған, Одақтың кедендік аумағына әкелінетін электрондық сауда тауарларын шығаруды кеден органы:

1) осы тарауға сәйкес электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баж төленген;

2) осы Кодекстің 7-бабына сәйкес тыйым салулар мен шектеулер сақталған;

3) егер мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес кедендік алымдар белгіленсе және оларды төлеу мерзімі тауарлар шығарылғанға дейін, оның ішінде электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны тіркелгенге дейін белгіленсе, кеден органдарының тауарларды шығаруға байланысты іс-қимылдар жасағаны үшін кедендік алымдар төленген жағдайда жүргізеді.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген электрондық сауда тауарларын шығару осы Кодекстің 119-бабында белгіленген мерзімдерде аяқталуға тиіс.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген электрондық сауда тауарлары Одақ тауарлары мәртебесіне олар шығарылған кезден бастап ие болады.

### **309<sup>6</sup>-бап. Жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданылу ерекшеліктері**

1. Кеден қоймасының кедендік рәсімі осы бапта көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Кодекстің 23-тарауында белгіленген тәртіппен және шарттарда жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты қолданылады.

2. Кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырылған жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларын сақтау осындай тауарлардың декларанты болып табылатын электрондық сауда операторының құрылысжайларында (үй-жайларында, алаңдарында) жүзеге асырылады.

3. Осы Кодекстің 158-бабының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген, кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырылған жеке тұлғаларға өткізуге арналған

электрондық сауда тауарларымен операцияларды электрондық сауда операторы жасауға құқылы.

Кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырылған жеке тұлғаларға сатуға арналған электрондық сауда тауарларына қатысты пошта байланысының тағайындалған операторы болып табылатын электрондық сауда операторы халықаралық пошта жөнелтілімдерін қалыптастыру бойынша операциялар жасауға жол береді.

4. Осы Кодекстің 157-бабында көзделген кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданылу мерзімі өткенге дейін осы кедендік рәсімнің қолданысы:

1) Интернет желісінің ресурстарын пайдалана отырып, электрондық сауда алаңдарында жеке тұлғалар сатып алғаннан кейін жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларын ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырумен;

2) егер жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларын кеден органы кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастыру кезінде тауарларды шығаруды жүргізген мүше мемлекеттің аумағынан электрондық сауда операторының кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастыру үшін басқа мүше мемлекеттің аумағына тасымалдау үшін осы кедендік рәсіммен орналастырған болса, мұндай тауарлар кедендік транзиттің кедендік рәсімімен орналастырумен;

3) жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларын кеден органы тауарларды кеден қоймасының кедендік рәсіміне сәйкес шығаруды жүргізген мүше мемлекеттің электрондық сауда операторларының тізіліміне енгізілген электрондық сауда операторының кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырумен;

4) мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасына сәйкес кеден органдарының аварияның немесе еңсерілмейтін күш әсерінің салдарынан жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларының жойылу және (немесе) қайтарымсыз жоғалу фактісін не осы тауарларды тасымалдаудың (тасудың) және (немесе) сақтаудың қалыпты жағдайлары кезіндегі табиғи кему нәтижесінде қайтарымсыз жоғалу фактісін мойындаумен;

5) Комиссия айқындайтын және (немесе) мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасында айқындалатын мән-жайлар басталғанға дейін тауарлар кедендік бақылауда болатын мән-жайлардың басталуымен аяқталады.

5. Осы Кодекстің 157-бабында көзделген кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданылу мерзімі өткенге дейін осы кедендік рәсімнің қолданысы жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларын, оның ішінде осы баптың 3-тармағының екінші абзацына сәйкес қалыптастырылған халықаралық пошта жөнелтілімдеріндегі тауарларды кері экспорттың кедендік рәсімімен орналастырумен аяқталуы мүмкін.

6. Кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырылған, жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарлары ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен немесе осы баптың 4 және 5-тармақтарында белгіленген өзге де кедендік рәсімдермен бір немесе бірнеше партиямен орналастырылуы мүмкін.

7. Заңды тұлға электрондық сауда операторларының тізілімінен шығарылған жағдайда, мұндай заңды тұлға:

1) заңды тұлға электрондық сауда операторларының тізілімінен шығарылған күнге дейін Интернет желісінің ресурстарын пайдалана отырып, электрондық сауда алаңдарында жеке тұлғалар сатып алған және осы баптың 10-тармағына сәйкес құрылысжайларда (үй-жайларда, алаңдарда) тұрған немесе осындай құрылысжайлардан (үй-жайлардан, алаңдардан) әкетілген, жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты осы баптың 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастыра отырып, кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданысын жеке тұлғаның осы тауарларды сатып алған айынан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей аяқтауға;

2) заңды тұлға электрондық сауда операторларының тізілімінен шығарылған күнге дейін Интернет желісінің ресурстарын пайдалана отырып, электрондық сауда алаңдарында жеке тұлғалар сатып алмаған, құрылысжайларда (үй-жайларда, алаңдарда) тұрған, жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты заңды тұлға электрондық сауда операторларының тізілімінен шығарылған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 60 күннен кешіктірмей, осы баптың 4-тармағының 2) тармақшасында және 5-тармағында көрсетілген кедендік рәсімдермен орналастыра отырып, кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданысын аяқтауға немесе осы баптың 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда кеден қоймасының қолданысын аяқтауды қамтамасыз етуге міндетті.

8. Осы баптың 4 және 5-тармақтарына сәйкес кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданысы аяқталмаған кезде кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданысы осы Кодекстің 157-бабының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген мерзімдер өткеннен кейін тоқтатылады, ал осы баптың 10-тармағында көрсетілген электрондық сауда тауарларын қоспағанда жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларын кеден органдары осы Кодекстің 51-тарауына сәйкес кідіртеді.

9. Егер осы Кодекстің 157-бабы 3-тармағының екінші абзацында көзделген әрекеттер онда көрсетілген мерзімдерде жасалмаса, кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданысы осы мерзімдер өткеннен кейін тоқтатылады, ал тауарларды, осы баптың 10-тармағында көрсетілген электрондық сауда тауарларын қоспағанда, кеден органдары осы Кодекстің 51-тарауына сәйкес кідіртеді.

10. Осы баптың 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданысы аяқталғанға дейін осындай тауарларды алушы болып табылатын жеке тұлғаға жеткізу үшін кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырылған,

жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларын құрылысжайлардан (үй-жайлардан, алаңдардан) әкетуге мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіппен кеден органын хабардар еткеннен кейін жол беріледі

11. Егер электрондық сауда тауарларын электрондық сауда алаңдарында сату кезінде оларды сатып алғаннан кейін қайтару мүмкіндігі көзделген жағдайда, электрондық сауда операторы мұндай тауарларды Комиссия айқындайтын және мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айқындалатын тәртіппен сәйкестендіру шартымен, Комиссия көздеген жағдайларда немесе Комиссия реттемеген бөлікте осы баптың 13-тармағында белгіленген электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны беру мерзімі өткен күнге дейін қайтару мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Қайтарылған электрондық сауда тауарлары мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес тауарлардың қайтарылғанын растайтын құжаттар ресімделген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде құрылысжайларда (үй-жайларда, алаңдарда) орналастырылуға жатады.

Электрондық сауда операторы кеден органын электрондық сауда тауарларының қайтарылғаны туралы мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіппен электрондық сауда тауарларының қайтарылғанын растайтын құжаттар мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес ресімделген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде, бірақ осы баптың 13-тармағында белгіленген электрондық сауда тауарларына декларацияны беру мерзімі өткен күннен кешіктірмей хабардар етуге міндетті.

12. Кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырылған, жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарлары осы баптың 10-тармағына сәйкес кеден органын хабардар еткеннен кейін Одақ тауарлары мәртебесіне ие болады.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген электрондық сауда тауарлары осы баптың 11-тармағына сәйкес құрылысжайларда (үй-жайларда, алаңдарда) орналастырылған кезден бастап Одақ тауарлары мәртебесін жоғалтады.

13. Осы баптың 10-тармағында көрсетілген электрондық сауда тауарларын оларға осы баптың 4-тармағының 1-тармақшасына сәйкес ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастыру үшін қатысты электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны электрондық сауда операторы кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданылу мерзімі ішінде, бірақ осы баптың 11-тармағына сәйкес көрсетілген электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны беру мерзімі өткенге дейін электрондық сауда тауарларын қайтару жүргізілген жағдайды қоспағанда, жеке тұлға осы тауарларды сатып алған айдан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей беруге тиіс.

Тауарларды шығарудан бас тартқан кезде электрондық сауда операторы көрсетілген тауарларға қатысты электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны

тауарларды шығарудан бас тартқан күннен кейінгі күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей беруге тиіс.

14. Кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырылатын, жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндет декларантта кеден органы электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны тіркеген кезден бастап туындайды.

15. Декларантта кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырылатын ( орналастырылған), жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндет мынадай мән-жайлар басталған:

1) осы баптың 4-тармағының 1 - 3 және 5-тармақшаларына және 5) тармағына сәйкес кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданысы аяқталған, оның ішінде осы баптың 17-тармағында көрсетілген мән-жайлар басталғаннан кейін осындай кедендік рәсімнің қолданысы аяқталған;

2) кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданысы тоқтатылған электрондық сауда тауарлары осы Кодекстің 129-бабының 7-тармағына сәйкес кедендік рәсімдермен орналастырылған;

3) кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттер орындалған және (немесе) осы баптың 18-тармағына сәйкес есептелген және төленуге жататын мөлшерде оларды өндіріп алған;

4) осы Кодекске сәйкес осындай жойылғанға немесе қайтарымсыз жоғалғанға дейін осы электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу мерзімі басталған жағдайларды қоспағанда, мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасына сәйкес кеден органы электрондық сауда тауарларының авария немесе еңсерілмейтін күш әсерінің салдарынан жойылу және (немесе) қайтарымсыз жоғалу фактісін не тасымалдаудың ( тасудың) және (немесе) сақтаудың қалыпты жағдайлары кезінде табиғи кему салдарынан осы тауардың қайтарымсыз жоғалу фактісін таныған;

5) электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны тіркеу кезінде туындаған кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндетке қатысты - кеден қоймасының кедендік рәсіміне сәйкес электрондық сауда тауарларын шығарудан бас тартылған;

6) электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны тіркеу кезінде туындаған кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндетке қатысты - осы Кодекстің 113-бабына сәйкес электрондық сауда тауарларына арналған декларация кері қайтарып алынған және (немесе) осы Кодекстің 118-бабының 4-тармағына сәйкес тауарларды шығарудың күші жойылған;

7) осы мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес электрондық сауда тауарлары тәркіленген немесе олар мүше мемлекеттің меншігіне (кірісіне) айналдырылған;

8) осы Кодекстің 51-тарауына сәйкес кеден органы электрондық сауда тауарларын кідірткен;

9) қылмыс туралы хабарды тексеру барысында, қылмыстық іс немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу (әкімшілік процесті жүргізу) барысында алып қойылған немесе тыйым салынған және егер бұрын мұндай тауарларды шығару жүргізілмеген болса, оларға қатысты тауарларды қайтару туралы шешім қабылданған электрондық сауда тауарлары уақытша сақтауға қойылған немесе кедендік рәсімдердің бірімен орналастырылған кезде тоқтатылады.

16. Кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырылған, жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндет осы баптың 17-тармағында көрсетілген мән-жайлар басталған кезде орындалуға жатады.

17. Мынадай мән-жайлар басталған кезде:

1) аварияның немесе еңсерілмейтін күштің әсерінің салдарынан жойылуды және (немесе) қайтарымсыз жоғалтуды не тасымалдаудың (тасудың) және (немесе) сақтаудың қалыпты жағдайлары кезінде табиғи кему салдарынан қайтарымсыз жоғалтуды қоспағанда, жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарлары кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданысы аяқталғанға дейін жоғалған жағдайда - осындай жоғалту күні, ал егер бұл күн белгіленбесе - тауарларды кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастыру күні;

2) егер осы баптың 13-тармағында көрсетілген мерзімдер ішінде жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты электрондық сауда тауарларына арналған декларация берілмеген жағдайда - осындай мерзімдердің соңғы күні;

3) жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарлары құрылысжайлардан (үй-жайлардан, алаңдардан) осы баптың 4-тармағының 2 және 3-тармақшаларына және 5-тармағына сәйкес не осы баптың 10-тармағында көзделген кеден органына хабарламай кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданысы аяқталғанға дейін әкетілген жағдайда - мұндай тауарларды әкету күні, ал егер мұндай күн белгіленбесе - тауарларды кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастыру күні кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу мерзімі болып саналады.

18. Егер кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырылған, жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарлары тарифтік преференциялар және кедендік әкелу баждарын, салықтарды төлеу жөніндегі жеңілдіктер қолданылмай, ішкі

тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылған болса, осы баптың 17-тармағында көрсетілген мән-жайлар басталған кезде кедендік әкелу баждары, салықтар, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары төленуге жатады.

Кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын есептеу үшін кеден органы жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларын кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастыру үшін берілген электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны тіркеген күні қолданыста болған кедендік әкелу баждарының, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының мөлшерлемелері қолданылады.

Егер кеден органында жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларының кедендік құнын айқындау үшін қажетті нақты мәліметтер болмаса, мұндай тауарлардың кедендік құны кеден органында бар мәліметтердің негізінде айқындалады.

Жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларының кедендік құнын айқындау үшін қажетті нақты мәліметтерді кейіннен айқындау кезінде мұндай тауарлардың кедендік құны осындай нақты мәліметтер негізге алына отырып айқындалады және кедендік әкелу баждарының, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының артық төленген және (немесе) артық өндіріп алынған сомаларын қайтару (есепке жатқызу) осы Кодекстің 10 және 11-тарауларына және 76 және 77-баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Осы баптың 4-тармағының 1 - 3, 5-тармақшаларына және 5) тармағына сәйкес кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданысы аяқталған жағдайда не осы Кодекстің 51-тарауына сәйкес кеден органдары кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырылған, жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларын ұстап қалған жағдайда, осы бапқа сәйкес кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндетті орындағаннан кейін және (немесе) олар кедендік баждардың, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомаларын өндіріп алғаннан (толық немесе ішінара) кейін, осы Кодекстің 10-тарауына және 76-бабына сәйкес қайтаруға (есепке жатқызуға) жатады.

**309<sup>7</sup>-бап. Осы Кодекстің 309<sup>6</sup>-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау үшін ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылатын (орналастырылған), жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттің туындауы мен тоқтатылуы, оларды төлеу мерзімі және есептеу**

1. Кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау үшін ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылатын, жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік әкелу баждарын, салықтарды,

арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндет осы Кодекстің 309<sup>б</sup>-бабы 4-тармағының 1-тармақшасына сәйкес декларантта кеден органы электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны тіркеген кезден бастап туындайды.

2. Декларантта осы Кодекстің 309<sup>б</sup>-бабы 4-тармағының 1-тармақшасына сәйкес кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданысын аяқтау үшін ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылатын (орналастырылған), жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндет мынадай мән-жайлар басталған:

1) кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттер орындалған және (немесе) оларды осы баптың 4 және 5-тармақтарына сәйкес есептелген және төленуге жататын мөлшерде өндіріп алған;

2) осы Кодекске сәйкес осындай жойылғанға және (немесе) қайтарымсыз жоғалғанға дейін осы тауарларға қатысты кедендік әкелу баждарын, салықтарды төлеу мерзімі басталған жағдайларды қоспағанда, мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасына сәйкес кеден органы электрондық сауда тауарларының авария немесе еңсерілмейтін күш әсерінің салдарынан жойылу және (немесе) қайтарымсыз жоғалу фактісін не тасымалдаудың (тасудың) және (немесе) сақтаудың қалыпты жағдайлары кезінде табиғи кему салдарынан осы тауарлардың қайтарымсыз жоғалу фактісін таныған;

3) электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны тіркеу кезінде туындаған кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндетке қатысты - ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсіміне сәйкес электрондық сауда тауарларын шығарудан бас тартылған;

4) электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны тіркеу кезінде туындаған кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндетке қатысты - осы Кодекстің 113-бабына сәйкес электрондық сауда тауарларына арналған декларация кері қайтарып алынған және (немесе) осы Кодекстің 118-бабының 4-тармағына сәйкес электрондық сауда тауарларын шығарудың күші жойылған;

5) осы мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес электрондық сауда тауарлары тәркіленген немесе олар мүше мемлекеттің меншігіне (кірісіне) айналдырылған;

6) осы Кодекстің 51-тарауына сәйкес кеден органы электрондық сауда тауарларын кідірткен;

7) қылмыс туралы хабарды тексеру барысында, қылмыстық іс немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу (әкімшілік процесті жүргізу)

барысында алып қойылған немесе тыйым салынған және егер бұрын мұндай тауарларды шығару жүргізілмеген болса, оларды қайтару туралы шешім қабылданған электрондық сауда тауарлары уақытша сақтауға қойылған немесе кедендік рәсімдердің бірімен орналастырылған кезде тоқтатылады.

3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік әкелу баждарын, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндет тауарларды ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсіміне сәйкес шығарғанға дейін орындалуға жатады (кедендік әкелу баждары, салықтар, арнайы демпингке қарсы, өтемақы баждары төленуге жатады).

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік әкелу баждары, салықтар осы Кодекске сәйкес электрондық сауда тауарларына арналған декларацияда есептелген кедендік әкелу баждарының, салықтардың сомасы мөлшерінде төленуге жатады.

Кедендік әкелу баждарын есептеу үшін Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің мөлшерлемелері қолданылады.

5. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген электрондық сауда тауарларына қатысты арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждары осы Кодекстің 12-тарауының ережелері ескеріле отырып, электрондық сауда тауарларына арналған декларацияда есептелген мөлшерде төленуге жатады.

### **309<sup>8</sup>-бап. Жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік төлемдерді қолдану және кедендік төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттерді орындау**

1. Жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарлары электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баж салу объектісі болып табылады.

2. Электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды есептеу мақсаттары үшін Одақтың кедендік аумағына әкелінетін, жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларының санаттарына және қолданылатын мөлшерлемелер түрлеріне қарай оны есептеу үшін база осындай тауарлардың құны және (немесе) олардың заттай мәндегі физикалық сипаттамасы (саны, оның ішінде оны тұтынуға дейінгі тауардан ажырамайтын және (немесе) тауар бөлшек сауда үшін ұсынылатын тауардың бастапқы орамасын есепке алғандағы массасы, көлемі немесе тауардың өзге де сипаттамасы) болып табылады.

Жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларының құны осы Кодекстің 309<sup>10</sup>-бабына сәйкес айқындалады.

3. Электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баждың бірыңғай мөлшерлемесін Комиссия айқындайды. Кедендік баждың мұндай бірыңғай

мөлшерлемесі жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларының санаттарына, құндық, салмақтық және (немесе) сандық нормаларға байланысты айқындалуы мүмкін.

4. Комиссия жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарлары кедендік баж төленбей, Одақтың кедендік аумағына әкелінетін шектерде, ал Комиссия айқындайтын жағдайларда - Комиссия айқындаған нормаларға қарағанда мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленетін неғұрлым қатаң нормалар шегінде құндық, салмақтық және (немесе) сандық нормаларды айқындауы мүмкін.

5. Егер аумағынан электрондық сауда тауарлары әкетілетін мүше мемлекеттің заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Одақтың кедендік аумағынан осындай тауарларды алушылар болып табылатын шетелдік жеке тұлғалардың атына әкетілетін электрондық сауда тауарлары Одақтың кедендік аумағынан кедендік баждар төленбей әкетіледі.

Мүше мемлекеттің заңнамасында осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баждарды төлеу қажеттігі белгіленген жағдайда, мұндай мүше мемлекеттің заңнамасында кедендік баждар салу объектісі, осындай тауарларға қатысты кедендік баждарды төлеу жөніндегі міндеттің туындау және тоқтатылу мән-жайлары, осындай міндеттерді орындау мерзімдері мен тәртібі, осындай баждарды қайтару және өндіріп алу тәртібі белгіленуі мүмкін.

6. Одақтың кедендік аумағына әкелінетін және Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін, жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік алымдар осы Кодекстің 47-бабына сәйкес қолданылады.

7. Кедендік бажды есептеу кеден органына электрондық сауда тауарларына арналған декларация берілген мүше мемлекеттің валютасымен жүзеге асырылады.

8. Электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды есептеу мақсаттары үшін кеден органы электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны тіркеген күні қолданыста болған мөлшерлемелер қолданылады.

Егер электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды есептеу мақсаттары үшін шетел валютасын мүше мемлекеттің валютасына қайта есептеуді жүргізу талап етілсе, мұндай қайта есептеу кеден органы электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны тіркеген күні қолданыста болған валюта багамы бойынша жүргізіледі.

9. Кедендік баждың бірыңғай мөлшерлемесін қолдана отырып төлеуге және (немесе) өндіріп алуға жататын электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баждың сомасы электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды және кедендік баждың тиісті бірыңғай мөлшерлемесін есептеу үшін базаны қолдану арқылы айқындалады.

10. Жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу жөніндегі міндетті орындау кезі (төлеу күні), электрондық сауда

тауарларына қатысты кедендік баж сомасын және өзге де ақша қаражатын (ақшаны) қайтару (есепке жатқызу) тәртібі осы Кодекстің 6 - 10-тарауларына сәйкес айқындалады.

11. Осы Кодекстің 309<sup>9</sup>-бабына сәйкес электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу жөніндегі міндет туындаған тұлғалар электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеушілер болып табылады.

12. Электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баж осы Кодекстің 61-бабының 1-тармағына сәйкес төленуге жатады.

13. Электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баж осы Кодекстің 61-бабының 1-тармағына сәйкес осындай кедендік баж төленуге тиіс мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес айқындалатын шоттарға төленеді.

14. Электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баж осы баптың 12-тармағына сәйкес осындай кедендік баж төленуге тиіс мүше мемлекеттің валютасымен төленеді.

15. Электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу нысандары мен тәсілдері осындай кедендік баж төленуге тиіс мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленеді.

Электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды қолма-қол ақшасыз тәртіппен төлеген кезде және төлеушінің шотында тапсырманы орындау үшін жеткілікті ақша қаражаты (ақша) болған кезде, банктің төлеушінің электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баж сомасын аударуға арналған тапсырмасының орындалуын кідіруге құқығы жоқ және егер мүше мемлекеттердің заңнамасында оны орындаудың өзге мерзімі белгіленбесе, оны 1 операциялық күн ішінде орындауға міндетті.

16. Электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу кезінде осы Кодекстің 46-бабы 1-тармағының 1 - 4) тармақшаларында көрсетілген кедендік төлемдер төленбейді.

17. Электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды есептеу туралы мәліметтер электрондық сауда тауарларына арналған декларацияда көрсетіледі.

18. Электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу жөніндегі міндетті төлеуші орындайды.

Мүше мемлекеттердің заңнамасында электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу жөніндегі міндетті өзге де тұлғалардың орындау мүмкіндігі белгіленуі мүмкін.

19. Электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу жөніндегі міндет осы бапқа сәйкес есептелген және төленуге жататын сомалар мөлшерінде осы Кодекстің 309<sup>9</sup>-бабының 5-тармағында белгіленген мерзімде оны төлеу арқылы орындалады.

Электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу жөніндегі міндет орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде осы Кодексте белгіленген мерзімде осы Кодекстің 57-бабының 4-тармағына сәйкес өсімпұл төленеді.

Өсімпұлдарды есепке жазу, төлеу, өндіріп алу және қайтару осы баптың 12-тармағына сәйкес осы мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баж төленуге жататын мүше мемлекетте жүргізіледі.

Электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды өндіріп алуды жүзеге асыратын кеден органы электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу жөніндегі міндет тоқтатылатын мән-жайлардың басталғаны туралы растауды осы Кодекстің 309<sup>9</sup>-бабының 3-тармағына сәйкес Комиссия айқындаған тәртіппен алған жағдайда өсімпұл төленбейді.

20. Осы баптың 21-тармағының бірінші абзацында көзделген жағдайларды және осы баптың 21-тармағының екінші абзацына сәйкес мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу жөніндегі міндет орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, кеден органы мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеушіге осындай кедендік баждың белгіленген мерзімде төленбеген сомалары туралы хабарлама жібереді.

Көрсетілген хабарламаның нысаны, осындай хабарламада көзделген талаптарды орындау тәртібі мен мерзімі мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес белгіленеді.

21. Жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарлары шығарылғаннан кейін осы бапқа сәйкес электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды есептеу үшін валюта бағамын қолдану күніне қолданыста болатын валюта бағамы бойынша жиынтығында 5 еуроға баламалы сомадан аспайтын мөлшерде бір жеке тұлға алушы болып табылатын тауарларға қатысты электрондық сауда тауарларына арналған бір декларацияда есептелген электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баждың төленбеу фактісі анықталған жағдайда, кеден органы осы баптың 20-тармағында көрсетілген хабарламаны жібермейді. Көрсетілген жағдайда электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу жөніндегі міндет тоқтатылады.

Мүше мемлекеттердің заңнамасында осы баптың 20-тармағында көрсетілген хабарлама жіберілмейтін өзге де жағдайлар белгіленуі мүмкін.

22. Осы баптың 20-тармағына сәйкес жіберілген хабарламада көрсетілген мерзімде электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу жөніндегі міндет орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, сондай-ақ осы баптың 21-тармағының екінші абзацына сәйкес мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген

жағдайларда кеден органы осы баптың 23 - 27-тармақтарында көрсетілген ерекшеліктерді ескере отырып, осы Кодекстің 11-тарауына сәйкес осындай кедендік бажды өндіріп алу жөнінде шаралар қабылдайды.

23. Электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды өндіріп алу жөніндегі шараларға осы Кодекстің 68-бабының 2-тармағында көрсетілген шаралар жатады.

24. Осы Кодекстің 68-бабының 2-тармағында көрсетілген шараларға қосымша мүше мемлекеттердің заңнамасында оларға қатысты кедендік баждар, салықтар төленбеген электрондық сауда тауарларына өндіріп алуды қолдану ретінде электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды өндіріп алу бойынша шара және жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баждарды, салықтарды өндіріп алу бойынша өзге де шаралар белгіленуі мүмкін.

Электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баж төленбеген, жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларына өндіріп алуды қолдану осындай тауарларға қатысты кедендік бажды төлеу жөніндегі міндетті тоқтатады.

25. Осы баптың 23 және 24-тармақтарында көрсетілген электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды өндіріп алу жөніндегі шаралар кеден органы осындай кедендік бажды өндіріп алуды жүзеге асыратын мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес қабылданады.

26. Электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды өндіріп алу жөніндегі шаралар мынадай:

1) кеден органы осындай кедендік бажды өндіріп алуды жүзеге асыратын кеден органы мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген электрондық сауда тауарларына қатысты төленбеген кедендік бажды өндіріп алу мерзімі өтіп кеткен;

2) кеден органы осы сомаларды өндіріп алуды жүзеге асырған мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес өндіріп алу мүмкін болмаған, электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баж сомалары өндіріп алуға үмітсіз деп танылған;

3) электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу жөніндегі міндет осындай кедендік бажды төлеуге байланысты не осы Кодекстің 309<sup>9</sup>-бабының 2-тармағында көзделген өзге де мән-жайларға байланысты тоқтатылған;

4) электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу жөніндегі міндет осы баптың 24-тармағының екінші абзацына сәйкес тоқтатылған;

5) осы Кодекске сәйкес электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу міндеті туындаған жеке тұлға қайтыс болған немесе мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес ол қайтыс болды деп жарияланған жағдайда (осы Кодекстің 3 09<sup>4</sup>-бабы 1-тармағының бірінші абзацында көрсетілген тұлға жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларын кедендік декларациялаған жағдайда);

б) кеден органы өндіріп алуды жүргізетін мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген өзге де жағдайларда қабылданбайды.

27. Электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды осы Кодекстің 69-бабында көрсетілген кеден органдары өндіріп алады.

**309<sup>9</sup>-бап. Электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу жөніндегі міндеттің туындауы мен тоқтатылуы, оны төлеу мерзімі**

1. Электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу жөніндегі міндет электрондық сауда операторында, ал декларант электрондық сауда тауарларын кедендік декларациялаған жағдайда - кеден органы электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны тіркеген кезден бастап осындай тауарлар декларантында туындайды.

2. Электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу жөніндегі міндет электрондық сауда операторында, ал декларант электрондық сауда тауарларын кедендік декларациялаған жағдайда - осындай тауарлар декларантында мынадай мән-жайлар басталған:

1) электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу жөніндегі міндет орындалған және (немесе) оны электрондық сауда тауарларына арналған декларацияда есептелген және осы Кодекске сәйкес төленуге жататын мөлшерде өндіріп алған;

2) осы Кодекстің 309<sup>8</sup>-бабының 4-тармағына сәйкес электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баж төленбей Одақтың кедендік аумағына әкелінетін, жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарлары шығарылған;

3) осы бапқа сәйкес осындай жойылғанға немесе қайтарымсыз жоғалғанға дейін осы тауарларға қатысты электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу мерзімі басталған жағдайларды қоспағанда, мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасына сәйкес кеден органы жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларының авария немесе еңсерілмейтін күш әсерінің салдарынан жойылу және (немесе) қайтарымсыз жоғалу фактісін не тасымалдаудың (тасудың) және (немесе) сақтаудың қалыпты жағдайлары кезінде табиғи кему салдарынан осы тауарлардың қайтарымсыз жоғалу фактісін таныған;

4) осы мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жеке тұлғалардың сатып алған электрондық сауда тауарларын тәркілеу немесе оларды мүше мемлекеттің меншігіне (кірісіне) айналдырылған;

5) кеден органы электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны тіркеген кезде туындаған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу бойынша міндетке қатысты - кеден органының жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларын шығарудан бас тартылған;

6) электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны тіркеу кезінде туындаған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу бойынша міндетке

қатысты - осы кодекстің 113-бабына сәйкес электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны кері қайтарып алынған;

7) осындай ұстап қалғанға дейін туындаған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баждарды төлеу жөніндегі міндетке қатысты - осы Кодекстің 51-тарауына сәйкес жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларын кеден органының ұстап қалған;

8) осындай шешім қабылданғанға дейін туындаған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу жөніндегі міндетке қатысты - қылмыстар туралы хабарды тексеру, қылмыстық іс бойынша немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы (әкімшілік процесті жүргізу) іс жүргізу барысында алынған немесе қамауға алынған, егер бұрын осы Кодекстің 309<sup>5</sup>-бабына сәйкес тауарларды шығару жүргізілмеген болса, оларға қатысты тауарларды қайтару туралы шешім қабылданған, жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларын осы Кодекске сәйкес Одақтың кедендік аумағынан әкету, уақытша сақтауға орналастыру не шығарған;

9) жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарлары шығарылғаннан кейін осы Кодекстің 309<sup>8</sup>-бабына сәйкес электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды есептеу үшін валюта бағамын қолдану күніне қолданылатын валюта бағамы бойынша жиынтығында 5 еуроға баламалы сомдан аспайтын мөлшерде бір жеке тұлға алушы болып табылатын тауарларға қатысты электрондық сауда тауарларына арналған бір декларацияда есептелген кедендік баждың төленбеу фактісін анықтаған;

10) мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес өндіріп алуға үмітсіз деп танылған осындай кедендік баж сомасына қатысты - осы Кодекстің 68-бабы 4-тармағының 4-тармақшасына сәйкес электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды өндіріп алу бойынша шараларды қолданбаған кезде тоқтатылады.

3. Комиссия, бірдей электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу жөніндегі міндет әртүрлі адамдарда түрлі мән-жайлар бойынша және (немесе) бірнеше рет туындаса, оның ішінде электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу жөніндегі міндет тоқтатылатын мән-жайлар бір мүше мемлекетте туындап, ал осындай кедендік бажды төлеу жөніндегі міндет өзге мүше мемлекетте туындаса, электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік бажды төлеу жөніндегі міндет тоқтатылатын мән-жайларды, сондай-ақ осындай мән-жайлардың туындауын растау бойынша кеден органдарының өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындауға құқылы.

4. Жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баж осы Кодекстің 309<sup>8</sup>-бабына сәйкес электрондық сауда тауарларына арналған декларацияда есептелген сомалар мөлшерінде төленуге жатады.

5. Жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баждарды төлеу жөніндегі міндет жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда

тауарларын шығарғанға дейін орындалуға жатады (электрондық сауда тауарларын қатысты кедендік баж төлеуге жатады).

6. Жеке тұлғалар дұрыс кедендік декларацияламай сатып алған электрондық сауда тауарларын Одақтың кедендік шекарасы арқылы заңсыз өткізген кезінде электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баж осы Кодекстің 309<sup>8</sup>-бабына сәйкес есептеледі. Бұл ретте жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларын кедендік декларациялау нақты төленген электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік баж сомалары қайта төленбейді (өндіріп алынбайды), ал мұндай кедендік баждың артық төленген және (немесе) өндіріліп алынған сомалары осы Кодекске сәйкес қайтарылуға жатады.

### **309<sup>10</sup>-бап. Жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларының құны**

1. Жеке тұлғалар сатып алған әкелінетін электрондық сауда тауарларының құны электрондық сауда тауарларына арналған декларацияда чектерде, шоттарда, банктік төлем құжаттарында және осындай тауарларды сатып алуға байланысты өзге де құжаттарда көрсетілген олардың қорытынды құны туралы ақпарат негізінде, ал электрондық сауда операторы кедендік операцияларды жасаған кезде - сондай-ақ электрондық сауда операторы электрондық сауда алаңынан алған осындай тауарларды сатып алуға байланысты мәліметтердің (осындай ақпарат болған кезде) негізінде мәлімделеді.

2. Жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларының құны анық, саны айқындалған және құжатпен расталған ақпарат негізінде мәлімделуге тиіс.

3. Одақтың кедендік аумағынан әкетілетін, жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларының құны, егер жеке тұлғалар сатып алған әкетілетін электрондық сауда тауарларының құнын айқындау осындай мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген болса, кеден органына тауарларды кедендік декларациялау жүзеге асырылатын және электрондық сауда тауарларына арналған декларацияда мәлімделетін мүше мемлекеттің кедендік реттеу туралы заңнамасына сәйкес айқындалады.

4. Жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларының құнының оның иелігінде бар ұқсас тауарлардың бағасы туралы ақпарат негізінде кеден органы кедендік бақылау нәтижелері бойынша мынадай:

1) осы баптың 1-тармағында көрсетілген құжаттарда мұндай тауарлардың құны туралы мәліметтердің болмауы не мұндай құжаттар болмаған;

2) осы баптың 1-тармағында көрсетілген құжаттарда олар туралы мәліметтер бар тауарларды декларацияланатын электрондық сауда тауарларымен сәйкестендіру мүмкін болмаған;

3) осы баптың 1-тармағында көрсетілген құжаттар және (немесе) мәліметтер декларацияланатын электрондық сауда тауарларының құны туралы мәліметтердің дұрыстығы расталмаған;

4) ұқсас тауарлардың нарықтық құнымен салыстырғанда жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларының құны айтарлықтай төмен деп жарияланған жағдайларда айқындайды.

5. Кеден органы жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларының құны туралы ақпарат ретінде, оның ішінде ұқсас тауарларды бөлшек сатуды жүзеге асыратын шетелдік ұйымдардың каталогтарында және сайттарында көрсетілген мәліметтерді пайдалана алады.

6. Кедендік декларациялауды жүзеге асыратын тұлға электрондық сауда тауарларына арналған декларацияда мәлімделген жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларының құны туралы мәліметтердің дұрыстығын дәлелдеуге құқылы.

7. Осы бапты қолдану мақсаттары үшін ұқсас тауарлар деп Интернет желісіндегі электрондық сауда алаңдарында салыстырмалы шарттарда сатып алынған немесе сатуға ұсынылатын (ұсынылған), жеке тұлға сатып алған әкелінетін электрондық сауда тауарының сипаттамаларына жақын сипаттамалары бар тауарлар түсініледі, яғни жеке тұлға өзінің тауар белгісі, мақсаты, қолданылуы, сапалық, техникалық және өзге де сипаттамалары бойынша сатып алған декларацияланатын электрондық сауда тауарымен салыстыруға болады.

Мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасында жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларының құнын айқындау кезінде ұқсас тауарлардың бағасы туралы ақпаратты пайдалану ерекшеліктері айқындалуы мүмкін.";

40) 311-бапта:

үшінші абзацтағы "қалған тауарлар," деген сөздерден кейін "Одақ тауарлары мәртебесін алған, жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарлары," деген сөздермен толықтырылсын;

жетінші абзацтағы "сақтау үшін пайдалануға арналған немесе пайдаланылатын," деген сөзден кейін "электрондық сауда тауарларын сақтау үшін электрондық сауда операторларының пайдалануына арналған немесе пайдаланылатын," деген сөздермен толықтырылсын;

41) 319-баптың 1-тармағы "бажсыз сауда дүкендерінің аумақтары" деген сөздерден кейін ", осы Кодекстің 429<sup>2</sup>-бабы 1-тармағының 1-тармақшасында көрсетілген электрондық сауда операторының құрылысжайлары, үй-жайлары (үй-жайлардың бөліктері) және (немесе) ашық алаңдары (ашық алаңдардың бөліктері)" деген сөздермен толықтырылсын;

42) 379-баптың 1-тармағы "286-бабының 7-тармағында" деген сөздерден кейін ", 309<sup>6</sup>-баптың 8 және 9-тармақтарында" деген сөздермен толықтырылсын;

43) 397-бапта:

1-тармақтағы "және бажсыз сауда дүкендері иелері" деген сөздер ", бажсыз сауда дүкендері иелері және электрондық сауда операторлары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "бажсыз сауда дүкендері иелерінің тізіліміне" деген сөздерден кейін ", электрондық сауда операторларының тізіліміне" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтың екінші абзацының бірінші және екінші сөйлемдеріндегі "және 428-бабы 1-тармағының 1-тармақшасында" деген сөздер ", 428-бабының 1-тармағының 1-тармақшасында, 429<sup>3</sup>-бабының 1-тармағының 1) және

2) тармақшаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

44) 399-бапта:

16-тармақта:

бірінші абзацта:

"Егер" деген сөзден кейін "заңды тұлға бір уақытта кеден өкілі, кедендік тасымалдаушы және (немесе) электрондық сауда операторы ретінде қызметті жүзеге асырса (қызметті жүзеге асыруға үміткер болса), сондай-ақ егер" деген сөздермен толықтырылсын;

"және (немесе) кедендік тасымалдаушы" деген сөздер ", кедендік тасымалдаушы және (немесе) электрондық сауда операторы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"407-бабы 1-тармағының 2-тармақшасына" деген сөздерден кейін ", 429<sup>2</sup>-бабының 4-тармағына" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1<sup>1</sup> -1<sup>3</sup>) тармақшалармен толықтырылсын:

"1<sup>1</sup>) кеден өкілдерінің тізіліміне және электрондық сауда операторларының тізіліміне;

1<sup>2</sup>) кедендік тасымалдаушылар тізіліміне және электрондық сауда операторларының тізіліміне;

1<sup>3</sup>) кеден өкілдерінің тізіліміне, кедендік тасымалдаушылардың тізіліміне және электрондық сауда операторларының тізіліміне";

мынадай мазмұндағы 3<sup>1</sup>) тармақшамен толықтырылсын:

"3<sup>1</sup>) электрондық сауда операторларының тізіліміне және уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне";

4) тармақшадағы "экономикалық операторлар тізіміне енгізілген кезде осы Кодекстің 402-бабы 1-тармағының 2-тармақшасына, 407-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына және 436-бабы 12 - 21-тармақтарына сәйкес айқындалған бір қамтамасыз етудің ең жоғарғы сомасы мөлшерінде беріледі." деген сөздер "

экономикалық операторлар тізіміне;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5), 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"5) кеден өкілдерінің тізіліміне, электрондық сауда операторларының тізіліміне және уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне;

6) кедендік тасымалдаушылардың тізіліміне, электрондық сауда операторларының тізіліміне және уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне;

7) кеден өкілдерінің тізіліміне, кедендік тасымалдаушылардың тізіліміне, электрондық сауда операторларының тізіліміне және уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне енгізілген кезде осы Кодекстің 402-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, 407-бабы 1-тармағының 2-тармақшасына және 436-бабы 12 - 21-тармақтарына сәйкес айқындалған бір қамтамасыз етудің ең жоғарғы сомасы мөлшерінде беріледі.";

17-тармақтағы "және (немесе) кедендік тасымалдаушыны" деген сөздер ", кедендік тасымалдаушыны және (немесе) электрондық сауда операторын" деген сөздермен ауыстырылсын;

45) мынадай мазмұндағы 60<sup>1</sup>-тараумен толықтырылсын:

## **"60<sup>1</sup>-тарау**

### **Электрондық сауда операторы**

#### **429<sup>1</sup>-бап. Электрондық сауда операторының қызметі**

1. Электрондық сауда операторы халықаралық шарттарға және кедендік реттеу саласындағы актілерге сәйкес кеден органы электрондық сауда операторларының тізіліміне енгізген мүше мемлекеттің аумағында электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік операцияларды жасайды.

Жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік операцияларды электрондық сауда операторы осындай тауарлардың декларанттарының атынан жасайды.

2. Мүше мемлекеттердің заңнамасында кедендік операцияларды тікелей жасайтын электрондық сауда операторларының жұмыскерлеріне қойылатын біліктілік талаптары және осындай тұлғаларға олардың осындай біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжатты беру шарттары белгіленуі мүмкін.

#### **429<sup>2</sup>-бап. Электрондық сауда операторларының тізіліміне енгізу шарттары**

1. Мыналар:

1) меншігінде, шаруашылық жүргізуінде, жедел басқаруында немесе жалға алынған кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырылған және мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген талаптарға сай келетін, электрондық сауда тауарларын

уақытша сақтауға және (немесе) электрондық сауда тауарларын сақтауға арналған құрылысжайлардың, үй-жайлардың (үй-жайлардың бөліктерінің) және (немесе) ашық алаңдардың (ашық алаңдардың бөліктерінің) (бұдан әрі осы тарауда - құрылысжайлар, үй-жайлар, алаңдар) болуы, оның ішінде халықаралық почта алмасу орындарындағы (мекемелеріндегі) адамдар. Егер құрылысжайлар (үй-жайлар, алаңдар) кеден органы электрондық сауда операторларының тізіліміне енгізу туралы кеден органына өтінішті тіркеген күні жалға алынған болса, мұндай құрылысжайларға (үй-жайларға, алаңдарға) қатысты жалдау шарты кемінде 1 жыл мерзімге не мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасында белгіленетін өзге де мерзімге жасалуға тиіс;

2) кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның міндеттерін орындауды осы баптың 4-тармағына сәйкес айқындалатын мөлшерде қамтамасыз ету;

3) кеден органы тіркеген күні кеден органына:

белгіленген мерзімде кедендік төлемдерді, арнайы демпингке қарсы, өтемақы баждарын, пайыздарды, өсімпұлдарды төлеу бойынша міндеттердің орындалмауы;

заңды тұлғаға қатысты банкроттық рәсімін қозғау фактілерін электрондық сауда операторларының тізіліміне енгізу туралы өтініштің болмауы;

4) кеден органдарының ақпараттық жүйесімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйенің болуы не мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген электрондық сауда тауарлары туралы, осындай тауарлармен жасалған операциялар және осындай тауарларды сатып алған жеке тұлғалар туралы электрондық құжаттар мен мәліметтерді жіберу мақсатында кеден органдарының ақпараттық жүйесі арқылы электрондық сауда операторының кеден органымен өзара іс-қимылының өзге де тәсілінің болуы;

5) мүше мемлекеттердің заңнамасында айқындалатын сақтандыру сомасына ұсынылатын тұлғалардың мүлкіне зиян келтіру салдарынан туындауы мүмкін электрондық сауда операторының азаматтық жауапкершілігі тәуекелін сақтандыру шартының болуы электрондық сауда операторы ретінде қызметті жүзеге асыруға үміткер заңды тұлғаны электрондық сауда операторларының тізіліміне енгізу шарттары болып табылады.

2. Мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасында заңды тұлғаны электрондық сауда операторларының тізіліміне енгізудің қосымша шарттары белгіленуі мүмкін.

3. Мүше мемлекеттердің заңнамасында осы тұлғаның штатында мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген біліктілік талаптарына олардың сәйкестігін растайтын құжаты бар кемінде 2 жұмыскердің болуы электрондық сауда операторы ретінде қызметті жүзеге асыруға үміткер заңды тұлғаны электрондық сауда операторларының тізіліміне енгізу шарты болып табылатыны белгіленуі мүмкін.

4. Кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның міндеттерін орындауды қамтамасыз ету мөлшерін Комиссия айқындайды.

Мүше мемлекеттердің заңнамасында кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның міндеттерін орындауды қамтамасыз етудің Комиссия белгілеген мөлшерден асатын мөлшері, оның ішінде электрондық сауда операторының өз қызметінің саласын жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларына немесе жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік операциялар жасаумен шектеуін ескере отырып, белгіленуі мүмкін.

#### **429<sup>3</sup>-бап. Электрондық сауда операторларының тізілімінен шығару үшін негіздер**

1. Мыналар:

1) электрондық сауда операторының осы Кодекстің 429<sup>5</sup>-бабының 1-тармағының 1), 2), 4) - 11) тармақшаларында көзделген міндеттерді орындамауы;

2) осы Кодекстің 55-бабының 3-тармағына, 73-бабының 3-тармағына және 309<sup>8</sup>-бабының 20-тармағына сәйкес кеден органы жіберген хабарламада көрсетілген мерзімде кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу бойынша міндеттерді орындамау, сондай-ақ егер оларды төлеу мерзімі осы Кодексте және (немесе) мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген болса, өсімпұлдарды, пайыздарды мерзімінде төлемеу;

3) электрондық сауда операторының оны электрондық сауда операторларының тізілімінен шығару туралы өтініші;

4) электрондық сауда операторларының тізіліміне енгізілген заңды тұлғаның таратылуы;

5) мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленетін жағдайларды қоспағанда, электрондық сауда операторларының тізіліміне енгізілген заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы электрондық сауда операторын электрондық сауда операторлары тізілімінен алып тастау үшін негіздер болып табылады.

2. Мүше мемлекеттердің заңнамасында заңды тұлғаны электрондық сауда операторларының тізілімінен шығару үшін қосымша негіздер белгіленуі мүмкін.

#### **429<sup>4</sup>-бап. Электрондық сауда операторының құқықтары**

1. Электрондық сауда операторы өз қызметін жүзеге асыру кезінде электрондық сауда тауарларын алушылар болып табылатын жеке тұлғалардан электрондық сауда алаңдарынан кедендік операцияларды жасау үшін қажетті және осындай құжаттар мен мәліметтерді осы Кодексте белгіленген талаптардың сақталуын қамтамасыз ететін мерзімдерде алуға құқылы.

2. Егер жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік декларациялауды және өзге де кедендік операцияларды электрондық сауда операторы жасаса, электрондық сауда операторы осы Кодекстің 84-бабының 1-тармағында көрсетілген құқықтарға ие болады, сондай-ақ осы Кодекстің 112-бабында

көзделген электрондық сауда тауарларына арналған декларацияда мәлімделген мәліметтерді өзгертуге (толықтыруға) байланысты кедендік операцияларды жасауға құқылы.

3. Электрондық сауда операторы өз қызметінің саласын жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларына немесе жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік операциялар жасаумен шектеуге құқылы.

#### **429<sup>5</sup>-бап. Электрондық сауда операторының міндеттері мен жауапкершілігі**

1. Электрондық сауда операторы:

1) осы Кодекстің 429<sup>2</sup>-бабы 1-тармағының 1), 2), 4) және 5) тармақшаларында, сондай-ақ осы Кодекстің 429<sup>2</sup>-бабының 2-тармағына сәйкес мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген электрондық сауда операторларының тізіліміне енгізу шарттарын сақтауға;

2) мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, электрондық сауда тауарларын және электрондық сауда алаңдарын алушылар болып табылатын жеке тұлғалардан алынған коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты, сондай-ақ басқа да құпия ақпаратты, өзі және (немесе) жұмыскерлері жеке мақсатта пайдаланбауға, жария етпеуге және өзге тұлғаларға бермеуге;

3) оны электрондық сауда операторларының тізіліміне енгізген кеден органын электрондық сауда операторларының тізіліміне енгізу кезінде өзі мәлімдеген мәліметтердің өзгергені туралы хабардар етуге және мұндай өзгерістерді растайтын құжаттарды осындай мәліметтер өзгерген күннен бастап немесе олардың өзгергені туралы өзіне белгілі болған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде ұсынуға;

4) құрылысжайлардағы (үй-жайлардағы, алаңдардағы) электрондық сауда тауарларының сақталуын қамтамасыз етуге;

5) кедендік бақылауды жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

6) осы Кодекстің 156-бабының 2-тармағында белгіленген кеден қоймасының кедендік рәсіміне сәйкес электрондық сауда тауарларын пайдалану шарттарын сақтауға ;

7) уақытша сақтауға орналастырылған электрондық сауда тауарларының және құрылысжайлардағы (үй-жайлардағы, алаңдардағы) кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырылған электрондық сауда тауарларының бөлек есебін жүргізуге және кеден органдарына, оның ішінде мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, осындай тауарлар туралы есептілікті ұсынуға;

8) кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырылған электрондық сауда тауарларының жеке тұлғалар сатып алған, кеден қоймасының кедендік рәсімімен

орналастырылған және құрылысжайлардан (үй-жайлардан, алаңдардан) әкетілген электрондық сауда тауарларының бөлек есебін жүргізуге және кеден органдарына, оның ішінде мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, жеке тұлғалар сатып алған және құрылысжайлардан (үй-жайлардан, алаңдардан) әкетілген тауарлар туралы есептілікті ұсынуға;

9) электрондық сауда операторының жұмыскерлері болып табылмайтын немесе осындай құрылысжайлардағы (үй-жайлардағы, алаңдардағы) электрондық сауда тауарларына қатысты өкілеттіктері жоқ бөгде адамдарды кеден органдарының рұқсатынсыз құрылысжайларға (үй-жайларға, алаңдарға) жібермеуге;

10) кеден органдарының лауазымды адамдарының құрылысжайлардағы (үй-жайлардағы, алаңдардағы) электрондық сауда тауарларына қол жеткізуіне қатысты кеден органдарының талаптарын орындауға;

11) осы Кодекстің 429<sup>2</sup>-бабы 1-тармағының 4-тармақшасында көрсетілген ақпараттық жүйе арқылы кеден органдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

12) осы Кодексте белгіленген және (немесе) мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасында белгіленетін өзге де міндеттерді сақтауға міндетті.

2. Электрондық сауда операторларының тізілімінен алып тасталған жағдайда заңды тұлға:

1) уақытша сақтауға орналастырылған электрондық сауда тауарларына қатысты - осындай заңды тұлға электрондық сауда операторларының тізілімінен шығарылған күннен кейінгі күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде тауарларды шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасауды қамтамасыз етуге;

2) электрондық сауданың басқа операторымен уақытша сақтауға орналастырған электрондық сауда тауарларына қатысты - электрондық сауда операторларының тізілімінен осындай заңды тұлға шығарылған күннен кейінгі күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде, осындай заңды тұлға электрондық сауда операторларының тізілімінен шығарылған күннен кейінгі күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде тауарларды шығарумен байланысты кедендік рәсімдердің жасалуын қамтамасыз ету қажеттілігі туралы осындай басқа электрондық сауда операторларын хабарландыруға;

3) жеке тұлғаларға сатуға арналған кеден қоймасының кедендік рәсімімен орналастырылған электрондық сауда тауарларына қатысты - осы Кодекстің 309<sup>6</sup>-бабының 7-тармағына сәйкес кеден қоймасының кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтауға міндетті.

3. Егер жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік декларациялауды және өзге де кедендік операцияларды электрондық сауда операторы жасаған жағдайда, онда ол осы Кодекстің 84-бабы 2-тармағының 1) - 4) тармақшаларында көзделген іс-қимылдарды жасауға міндетті. Кедендік төлемдерді төлеу декларанттың ақшалай қаражаты (ақшасы) есебінен жүргізіледі.

Көрсетілген жағдайда декларант осы Кодекстің 84-бабы 2-тармағының 1) - 4) тармақшаларында көзделген іс-қимылдарды жасамайды.

4. 309<sup>6</sup>-баптың 4-тармағының 1-тармақшасында көзделген кедендік операциялар жасалған жағдайда электрондық сауда операторы осы Кодекстің 84-бабы 2-тармағының 1) - 4) және 6) тармақшаларында көзделген әрекеттерді жасауға міндетті. Кедендік төлемдерді, арнайы демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу электрондық сауда тауарларын сатып алған жеке тұлғаның ақшалай қаражаты (ақшасы) есебінен жүргізіледі.

5. Осы баптың 3 және 4-тармақтарында көзделген міндеттерді орындамағаны үшін, электрондық сауда тауарларына арналған декларацияда анық емес мәліметтер бергені үшін, сондай-ақ жарамсыз, оның ішінде жалған және (немесе) көрінеу анық емес (жалған) мәліметтерді қамтитын құжаттарды ұсынғаны үшін электрондық сауда операторы мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жауапты болады.";

46) 436-баптың 22-тармағындағы "және (немесе) кеден тасымалдаушыларының тізіліміне" деген сөздер ", кеден тасымалдаушыларының тізіліміне және (немесе) электрондық сауда операторларының тізіліміне" деген сөздермен ауыстырылсын, " немесе кеден тасымалдаушысы" деген сөздер ", кеден тасымалдаушысы және (немесе) электрондық сауда операторы" деген сөздермен ауыстырылсын";

47) 449-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Одақтың кедендік аумағындағы кез келген кеден органына электрондық сауда тауарларына арналған декларацияны беруге жол беретін Одақ шеңберіндегі халықаралық шарт күшіне енгенге дейін:

1) тауарларға арналған декларация:

егер осы Кодекстің 83-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мүше мемлекеттің тұлғасы, сондай-ақ осы Кодекстің 83-бабы 1-тармағының 2) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген шетелдік тұлға тауарлардың декларанты болып табылса, заңнамасына сәйкес құрылған, тіркелген не оның аумағында тауарлар декларанты болып табылатын тұлға тұрақты тұратын мүше мемлекеттің кеден органына;

егер осы Кодекстің 83-бабы 1-тармағының 2) тармақшасының үшінші немесе төртінші абзацында не осы Кодекстің 83-бабы 1-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген шетелдік тұлға тауарлардың декларанты болса, аумағында декларацияланатын тауарлар орналасқан мүше мемлекеттің кеден органына;

егер осы Кодекстің 83-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген тұлға тауарлар декларанты болып табылса, мұндай тұлға және декларацияланатын тауарлар орналасқан мүше мемлекеттің кеден органына беріледі;

2) электрондық сауда тауарларына арналған декларация беріледі:

егер жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларын кедендік декларациялауды осы Кодекстің 309<sup>4</sup>-бабы 1-тармағының бірінші абзацына сәйкес осындай тауарлардың декларанты бола алатын тұлға жүзеге асыратын болса, электрондық сауда тауарларын алушы болып табылатын жеке тұлға аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын мүше мемлекеттің кеден органына беріледі;

егер электрондық сауда тауарларын кедендік декларациялауды электрондық сауда операторы жүзеге асыратын болса, заңнамасына сәйкес электрондық сауда операторы болып табылатын тұлға құрылған (тіркелген) және аумағында электрондық сауда тауарларын алушы болып табылатын жеке тұлға тұрақты немесе уақытша тұратын (уақытша болатын) мүше мемлекеттің кеден органына беріледі;"

48) 464-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларын кедендік декларациялауды электрондық сауда операторларының тізіліміне бірінші электрондық сауда операторы енгізілген күннен бастап 6 ай ішінде, бірақ 2023 жылы қол қойылған 2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманың күшіне енген күннен бастап 12 айдан аспайтын мерзімде мүше мемлекеттердің әрқайсысында жеке тұлғалардың атынан және декларанттарының осындай тауарлардың тапсырмасы бойынша әрекет ететін кеден өкілдері жүзеге асыра алады."

## **2-бап**

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді мүше мемлекеттердің орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарий дипломатиялық арналар арқылы алған күнінен бастап күшіне енеді.

20 \_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды.

Осы Хаттаманың төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол осы Хаттаманың депозитарийі бола отырып, әрбір мүше мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Армения Республикасы үшін      Беларусь Республикасы үшін      Қазақстан Республикасы үшін      Қырғыз Республикасы үшін      Ресей Федерациясы үшін